

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Сыртқы дыбыстық картасы DEXP GS2 RGB



Құрметті сатып алушы!

«DEXP» маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін сізге алғысымызды білдіреміз. Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.


Құрылғының қолданылу мақсаты

Сыртқы дыбыстық карта ойнату, жазу және дыбысты өңдеу құрылғыларын компьютерге немесе ноутбукқа қосуға арналған.

Пайдалану нұсқаулығы

Сыртқы дыбыстық картаны USB кабелімен құрылғыңызға қосыңыз.

Құрылғының сұлбасы



1. Құлаққап / белсенді динамик ұясы.
2. Гарнитураға арналған ағытпа.
3. Микрофонға арналған ағытпа.
4. USB порттары.
5. USB кабелі.

Техникалық сипаттамалар

- Моделі: GS2 RGB.
- Қуат кернеуі: USB, 5 В.
- Тұтынылатын қуат: номиналды — 20 мВт, максималды — 80 мВт.
- Шығарылатын жиілік диапазоны: 20 Гц - 20 кГц.
- Кабель ұзындығы: 1,2 м.
- USB порттары: 2 дана.
- 3D дыбысын қолдау.
- Реттелмейтін жарық диодты көмескі жарық.
- ОЖ-мен үйлесімділігі: Windows.

Ықтимал проблемалар және оларды шешу жолдары

Проблема	Шешімі
Аудио шақыру кезінде микрофон жұмыс істемейді	Микрофон бүлінген немесе қате ағытпаға қосылған
Компьютер сыртқы дыбыстық картаға автоматты түрде ауыспайды	Бұл дыбыстық картаға қосымша драйверлерді орнату қажет емес. Мәселелер панелінде «Динамиктер» белгішесін түртіңіз немесе «Басқару панелі» арқылы өтіп, қосылу мен дыбысты орнатыңыз
Дыбыстық картаны қосқаннан кейін дыбыс шықпайды	<ul style="list-style-type: none">• Құлаққап пен микрофонның дыбыстық картаға қосылғанын тексеріңіз. Олардың тиісті ағытпаларға қосылғанына көз жеткізіңіз.• Басқару панеліне өтіп, барлық әдепкі параметрлерді сыртқы дыбыстық картаға ауыстырыңыз.• Аудио ойнатуды және дыбыстық жазбаны қолданатын барлық бағдарламаларды өшіріңіз, оларды қайта іске қосыңыз және параметрлерде барлық әдепкі параметрлерді сыртқы дыбыстық картаға ауыстырыңыз

Проблема	Шешімі
Фондық дыбыстар микрофон дыбысын өшіреді	<ul style="list-style-type: none"> • Микрофон дыбысының өшірілмегеніне көз жеткізіңіз. • Дыбыс деңгейі микшерімен фондық дыбысты реттеңіз. Басқару панеліндегі микрофонның дыбыс деңгейін реттеңіз. <p>Ескерту: жоғары дыбыс деңгейі есту қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін</p>

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын жайларында, өндіруші қаптамасында, 5 °С...40 °С температура аралығында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде сақтау керек. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасмалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.

- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылып отыруға тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, Сіз қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтималды зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Дунгуань Коушн Электроникс Тэк Ко., Лтд.
Саньцзян өнеркәсіптік аймағы 35, Хэнли, Дунгуань қ., Гуандун
пров., Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12,
офис 301С, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды
тұлға:**

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй,
301С-кеңсе, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын ала
хабардар етпестен өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Аспаптың жиынтықтамасы алдын ала хабардар етусіз өзгертіле
алады.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасын-
да көрсетілген.

v.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және ол тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілді қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу және ауыстыру өкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

www.dexp.club